



БҰЙРЫҚ

«20» 10 2023 ж./г.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 243-Ө

город Кызылорда

Банкроттықты басқарушыны шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабы 3) тармақшасына, 89-бабы 2-тармағы 21) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №343 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларының 12 тармағы 2) тармақшасына және Г.К. Жайлауованың банкроттықты басқарушы болудан босату туралы 2023 жылғы 18 қазандағы арызы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттықты басқарушы Жайлауова Гульмира Карловна «Элбарыс» ЖШС, БСН 100240018614, мүліктері мен істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Г.К. Жайлауова үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

3. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2023 жылғы 16 қазандағы №228-Ө бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау берешекпен жұмыс басқармасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы

Ә. Бекішев